



## **Орекен АЛМАТОВ : « Орыс тілін білу дұрыс. Бірақ, сен алдымен қазақтығыңмен құндышың!»**

Ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ жанынан жұмыс жасайтын «Рухани жаңғыру» көнсесі ашылғанына көп уақыт болмаса да, бүтінің күнгө дейін жастарға берері мол бірқатар тағылымызды шаралар ұйымдастырды. Соның бірі - студенттердің қарттармен көзесу кеші.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шарага Орекен АЛМАТОВ, Шептібай БАЙДІЛДИН, Қайырден ЖИЕНБАЕВ сынды ақсақалдар шақырылған. Ел шекіресі, өнір тарихы, қаланың құрлылу жолынан мол хабары бар қарттар бар білгендердің кездесуге келген жастарға кеңінен әнгімелеп берді.. Жиынның мақсаты да сол - ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ - да езге өнірлерден келіп білім алушы жастарды Торғай өнірінің терең тарихына қанықтуру болатын.

Басқосуды институт ректоры, ф.г.д. Сейітбек Бекенұлы ашып, рухани жаңғыру бағыттында жасалып жатқан жұмыстардың жастар болашағы үшін маңыздылығына тоқталды. Жиында алғашқы болып сөз алған, елкетанушы, шекіреке жетік Орекен АЛМАТОВ ақсақал Торғайдың құрлы тарихын сөз етіп, өнірден шыққан біртуар азаматтарға тоқталип, жастарымыз үттілік құндылықтарды басты орынға қою көректігін айтты. - 1868 жылы орыс патшасының жар-

лығымен Торғай облысы құрьылды. Оның орталығы Орынбор болды. Оған 4 уез қарады. Олар: Елек - қазіргі - Ақтөбе, Николаев бул - Қостанай, сосын Ыргызын бен Торғай. Әуедде Торғайдың уезінде 10 болыс болған. Кейіннен 6 болыс арғын, 6 болыс қыпшақ, 1 болыс наиман болып - 13 болысқа қөбейді... Арқалық қаласының қалыптасуынан көп адамның еңбегі сіңген. Қазақтың белгілі азаматтары - Оразалы ҚОЗЫБАЕВ, Еркін ӘУЕЛЬБЕКОВ, Сақан ҚҰСАЙЫНОВ, Өзекәлі ЖӘҢІБЕКОВ сынды азаматтар Торғайды, Арқалықты, осы жердің халқын көтерді. Осы өнірден батырлар, галымдар, ақындар, шешен - билер қай заманда да көп болған. Оны мактандыспен айтуымызға болады. Жастар сендерге айттарым - орыс тілін білу дұрыс. Біз орыс тілі арқылы әлемдік мәдениетке шықтық. Бірақ, ен алдымен сен өзінің қазақтығыңмен құндышың! Өзінің тарихынды, тілінді, дәстүрінді сыйла! Қазақтың әдебиетінен, мәдениетінен ғажап дуние жоқ! Музыға да бұзылуға айналды. Кейбір халықтық құндылықтарымыз үміт калың бара жатыр. Соны сақтауға тиіс бір қасиетті бұрыш - біздің Торғай өнірі деп есептеймін, - деп салиқалы ой айтты.

Жиында қаламыздың қалыптасуына - Қызылқозыдан бастап күә болған, езі де кен саласында еңбек еткен - Қайырден ақсақал Арқа-

лықтың тарикында ойып тұрып орын алатын даңты көңілдер жайындағы мәйліметтермен белгілі.

Өлкетанушы Шептібай БАЙДІЛДИН - торғай толырағынан тараган талантты тұлғалармен қатар, аймақтың әлі ашылмаған мол қазба байлығы, сырды гылымға мәлім де беймәдім болып отырған құнды тарихи орындарымыз тұрғысында мол ақпарат берді. - Өнірімізден үш жүздің сыртындағы, жазушы, академик шыққан. ыбырай бабамыз ашқан мектеп, соның салған жолы бізде осынша тектілердің қалыптасуына бірінші себеп болды. Кешегі Ахмет пен Міржақыптар сол мектептің түлегі. Торғайдан неге галымдар көп шығады десең, торғай халқы гылымға сол ыбырайдан бастап бейімделді. Біздің тарихымыз санғасырларға кетеді. Торғай толырағында ашылмаған құпия бар. Ол «Экспо - 2017» халықаралық көрмесіндеңде қара мрамордың бетіне ақ түспен жазылып әлем жүртіна таныстырылды,- дейді Шептібай ағамыз.

Шара барысында студенттер көкейдегі сауалдарын жолдап, тұшымды жауаптарға қанықты. Өнір тарихы, қаламыздың қалыптасуы, аймағымыздагы тарихи орындар, қазба байлықтарымыз жайында кеңінен айтылған шараның жастарға берері мол болғаны анық.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ